

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті

БЕКІТЕМІН
«М.Х.Дулати атындағы Тараз
университеті» КеАҚ Басқарма
Төрағасы - Ректорының у.м.а.
Орынбаев С.А.
« 07 » 2026 ж.





ӘКІМШІЛІК БАСҚАРУ ПЕРСОНАЛДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН (КРІ) АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН BRMS.DULATY.KZ ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Тіркеу № 07

Тараз 2026 ж.

Алғысөз

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:	Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің бас маманы Мамбетова А.С. Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е.	 /колы/  /колы/	8.01.26 ж. 8.01.26 ж.
2. ЕНГІЗІЛГЕН:	Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімі		
3. ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	Алғаш рет		
5. ТАРАТЫЛСЫН:	М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Жобалық басқару және цифрландыру орталығына, Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығына, ҚБ басшыларына, Стратегиялық даму басқармасына		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:	М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма Төрағасы - Ректорымен		
7. КЕЛІСУШІЛЕР:	Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /колы/	02.02.26 ж.
	Басқарма мүшесі- Академиялық жұмыс жөніндегі проректор Кудретуллаева Р.О.	 /колы/	02.02.26 ж.
	Басқарма мүшесі - Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Орынбаев С.А.	 /колы/	02.02.26 ж.
	Басқарма мүшесі - Инфрақұрылымды дамыту жөнінен проректор м.а. Есмаханов Б.М.	 /колы/	02.02.26 ж.
	Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ултанбаев А.	 /колы/	02.02.26 ж.
	Жобалық басқару және цифрландыру орталығының басшысы Төлегенова Д.М.	 /колы/	02.02.26 ж.
	Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығының басшысы Жаукашканов А.К.	 /колы/	02.02.26 ж.

Бұл құжат «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

1. МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 **bpms.dulaty.kz** платформасының техникалық спецификациясы М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің әкімшілік-басқару персоналының (ӘБП) қызметін автоматтандыру және көрсеткіштерді басқару жүйесін (модуль) біріздендіру мақсатында әзірленген.

1.2 Осы техникалық спецификация **bpms.dulaty.kz** платформасының функционалына, архитектурасына, қауіпсіздігіне және пайдалану тәртібіне қойылатын талаптарды айқындайды және әкімшілік-басқару персоналының тиімділігін бағалау үдерістеріне тартылған М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

1.3 ЖН 2.07-2025 **bpms.dulaty.kz** платформасының техникалық спецификациясы Дулати университетінің сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді.

2. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

КеАҚ	Коммерциялық емес акционерлік қоғам
Дулати Университеті	КеАҚ «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті»
КРІ	Тиімділіктің негізгі көрсеткіші
ӘБП	Әкімшілік басқару персоналы
АТЖ	Аты-жөні
ҚБ	Құрылымдық бөлім

3. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

3.1 Техникалық спецификация Дулати университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры тарапынан бекітіледі.

3.2 Осы техникалық спецификацияның «Құжатталған ақпаратты басқару» 01 стандартының талаптарына сәйкес болуына құжатты әзірлеуші және сала бойынша проректор жауапты болады.

3.3 Жалпы жүйенің (модульдің) иесі: тапсырыс беруші Стратегиялық даму басқармасы және Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімі.

3.4 ӘБП КРІ карталарын толтыруын бақылау, тексеру, талдау, қорытындылау және мониторинг жұмыстарын жасауға Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімі жауапты болады.

3.5 Платформаның барлық өзгерістері, жетілдірулері және функционалын кеңейту жүйенің (модульдің) иесімен келісу арқылы жүзеге асырылады және белгіленген тәртіпте рәсімделеді.

3.6 Осы техникалық спецификацияның бақылау данасын аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақтау жауапкершілігі бөлім басшысына жүктеледі.

4. ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

Осы Техникалық спецификация **bpms.dulaty.kz** платформасының техникалық және функционалдық талаптарын айқындайды. Университеттің басқару жүйесінде цифрландыру үдерістерін жетілдіру мен тиімділікті арттыру қазіргі таңда стратегиялық міндеттердің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты КРІ жүйесін автоматтандыру, көрсеткіштерді нақты және уақтылы тіркеу, оларды талдау мен мониторинг жүргізуді оңтайландыру университеттің корпоративтік басқару сапасына тікелей әсер етеді.

bpms.dulaty.kz платформасы ішкі басқару жүйесінде қолданылатын негізгі цифрлық

құралдардың бірі ретінде университеттің әкімшілік персоналының жоспарлау, есеп беру және талдау процестерін автоматтандыруға арналған. Платформаның енгізілуі бизнес-процестердің бірізділігін қамтамасыз етумен қатар, адами факторларды азайту, ақпараттық қауіпсіздік деңгейін көтеру және көрсеткіштерді бағалаудың ашықтығын күшейту мақсатында жүзеге асырылды. Осы Техникалық спецификация жүйенің толыққанды жұмысын қамтамасыз етуге, техникалық инфрақұрылымын жүйелеуге және платформаның ұзақ мерзімді әрі тұрақты пайдаланылуын реттеуге бағытталған негізгі нормативтік құжат болып табылады.

Техникалық спецификация платформаның архитектурасы, функционалдық модульдері, рөлдік үлестірімдері, пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері, деректерді сақтау тәртібі, ақпараттық қауіпсіздік талаптары, резервтік көшіру және қалпына келтіру алгоритмдері, техникалық қолдау көрсету ережелері толық сипатталады. Сонымен қатар, құжатта жүйенің (модульдің) жұмыс істеу барысындағы ықтимал ақаулар, қауіпсіздік қатері туындаған жағдайда қолданылатын шаралар, техникалық қызмет көрсету жиілігі және әкімшілеу тәртібі де нақты белгіленген.

bpms.dulaty.kz платформасы **ӘБП қызметкерлерінің KPI** көрсеткіштерін жоспарлау, енгізу және бақылау үдерістерін цифрландыру арқылы ақпарат алмасуды жеделдетуді, көрсеткіштерді енгізу дәлдігін арттыруды және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу деңгейін бағалауды жеңілдетуді көздейді. Платформада көрсеткіштердің шекті мәндері, жоспарлы және мақсатты индикаторлар, нақты орындалу деңгейі жүйелі түрде тіркеліп, университеттегі барлық құрылымдық бөлімдер үшін бірыңғай стандарт қалыптастырылады. Бұл басқарушылық шешімдер қабылдаудың тиімділігін ұлғайтып, көрсеткіштерге негізделген басқару мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Техникалық спецификация платформаны пайдаланушылар үшін негізгі нұсқаулық қызметін атқара отырып, Дулати университеті әкімшілік-басқару персоналының жұмыс тәртібін, KPI карталарын толтыру алгоритмін, модульдер арасындағы өзара байланысты және көрсеткіштерді тіркеу мен бекітудің кезеңдік ретін айқындайды. Сонымен бірге, құжат ақпараттық қауіпсіздік талаптарына ерекше назар аударады. Университеттің ақпараттық кеңістігін қорғау, деректердің құпиялылығы мен тұтастығын сақтау, рұқсатсыз қолжетімділіктің алдын алу осы техникалық спецификацияда нақты регламенттелген.

Платформаның тиімді жұмыс істеуі университетішілік процестердің сапасын арттыруға, құрылымдық бөлімдер арасындағы коммуникацияны нығайтуға және цифрлық деректер негізінде талдауды жүзеге асыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, KPI жүйесін (модулін) автоматтандыру арқылы қызметкерлердің жүктемесін оңтайландыру, есептілікке кететін уақытты қысқарту және процестердің айқындылығын қамтамасыз ету мүмкіндігі туындайды.

Осы Техникалық спецификация университеттің цифрландыру стратегиясын жүзеге асырудағы маңызды нормативтік-техникалық база ретінде қарастырылады. Құжат платформаның барлық модульдерінің үйлесімді жұмысын қамтамасыз етуге, көрсеткіштер жүйесінің дұрыс және тиімді қолданылуына, деректердің толық әрі нақты тіркелуіне негіз қалайды. Платформа жұмысының сапалы орындалуы университеттің даму көрсеткіштеріне, басқару тиімділігіне және кадрлық әлеуетті бағалауға оң әсерін тигізеді.

Аталған регламент **bpms.dulaty.kz** жүйесін (модулін) пайдалануда туындайтын барлық техникалық талаптарды, қызмет көрсету тәртібін және пайдаланушылардың жауапкершілігін айқындай отырып, платформаның үздіксіз әрі тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге арналған негізгі құжат ретінде ұсынылады.

Тапсырыс беруші **bpms.dulaty.kz** жүйесін (модулін) қабылдау кезінде және потенциалды орындаушылар **bpms.dulaty.kz** жүйесін (модулін) өткізу кезінде өткізу-қабылдау актісіндегі (А қосымшасы) барлық критерийлердің орындалуын басшылыққа алады.

5. ТЕХНИКАЛЫҚ СПЕЦИФИКАЦИЯ ТАЛАПТАРЫ

№	Талаптар
1.	Жалпы позиция
1.1	Техникалық спецификация Тапсырыс берушінің қызметтерді көрсету тәртібіне қойылатын негізгі талаптарын белгілейді, көрсетілетін қызметтердің сапа параметрлерінің толық көлемін қамтиды. Осы сипаттама bpm.s.dulaty.kz корпоративтік платформа жұмысын, функционалын, техникалық параметрлерін және эксплуатациялық талаптарын реттейді.
2.	Потенциалды орындаушылар: Жобалық басқару және цифрландыру орталығы, Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығы. Потенциалды орындаушыға қойылатын талаптар:
2.1	Әзірлеушінің ұсынысы: - Белсенді пайдаланушылар саны: Ақпараттық платформа кемінде 600 белсенді пайдаланушыны қолдауы керек. Осы талапқа сәйкестікті растау үшін мыналарды қамтамасыз ету керек: - Жеткізушінің құзыретті тұлғаларымен расталған соңғы 12 айдағы пайдаланушы қызметі туралы статистикалық деректер немесе есептер. - Жұмыс істейтін пайдаланушылардың бір уақыттағы саны: платформа кем дегенде 600 пайдаланушының бір мезгілде жүктемесі кезінде тұрақты жұмысты қамтамасыз етуі керек. Растау үшін әзірлеуші мыналарды қамтамасыз етуі керек: - Жүйенің (модульдің) өнімділікке немесе қолжетімділікке әсер етпей, жүктемені өңдеу мүмкіндігін көрсететін жүктеу сынақ нәтижелері немесе платформа өнімділігі туралы есептер. - Платформаға ӘБП тарапынан енгізілген мәліметтер құрылым басшысы тарапынан тексеріліп, қадағалануы және расталуы тиіс. - Жүйенің (модульдің) техспецификациясы қолданушыларға қолжетімділік үшін Платформаның негізгі парақшасына орнатылуы қажет.
3.	Платформаға қойылатын жалпы талаптар:
3.1	Жобалық басқару және цифрландыру орталығына қойылатын талаптар: - Тұтынушылар саны - 600 - Платформаға мәліметтерді ендіру мерзімі 01.01.2026 жылдан 31.12.2026 жылға дейін (әр жыл сайын) . - Платформаны Kpi.dulaty.kz платформасы үлгісіне жалпылама сәйкес қамтамасыз ету керек . - Жүйенің (модульдің) қолжетімділік деңгейі әрбір есеп айырысу кезеңінде 97%-дан төмен емес. - Қызметкерлердің жылдық көрсеткіштерді енгізгеннен кейінгі KPI есептерінде жүйе (модуль) енгізілген деректерді автоматты түрде басқа көрсеткіштерге ауыстырылмауы қажет. - Екі әкімшілік-басқару лауазымын атқаратын қызметкер (жалпы мөлшерлемесі 1,75-ті құрайтынын ескере отырып) әр лауазым бойынша KPI рейтингін жеке-жеке толтыру мүмкіндігіне ие болуы тиіс. - Http 403 Forbidden-сұралған ресурсқа кіруге тыйым салынғанын білдіретін стандартты HTTP жауап кодындағы сервер жұмысының дұрыстығын орнату. - Платформа дәлелдеме материалдарын: - Microsoft Word (мәтіндік редактор) - Microsoft Excel (электрондық кесте) - Microsoft PowerPoint (презентациялар) - Суреттер схемалар (JPEG: PNG:GIF: TIFF: BMP) платформаға жүктей алу қажет

- Осы форматтағы дәлелдеме материалдарын қолданушылар бір мезгілде бірнеше нұсқасын платформаға жүктей алу қажет.

9) Платформада барлық пайдаланушылар бір-бірінің құжаттарын көріп, жүктеу қолжетімділігіне рұқсат бермеу. ҚБ басшыларына тек өзінің бөлімі қызметкерлерінің деректері көріну керек. Тапсырыс берушіге (Стратегиялық даму басқармасының басшысына, Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысына, Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің бас маманына) деректердің барлығы көріну керек. Ақпараттық қауіпсіздікті орнату. Тек платформамен жұмыс жасайтын қызметкерлер мен әр ҚБ-нің жеке басшыларына қолжетімділік болуы.

10) Платформада деректерді басқармалар бойынша бөлуге арналған сүзгілер, аналитикалық статистика және тиісті бағандар орнату.

- 5 Басқарма - мүшесіне қарасты, 5 блок болу қажет.

- Әр Басқарма - мүшесіне қарасты блогында құрылымдық бөлімдер болу қажет.

- Әр ҚБ-ді ашқанда қызметкерлер тізімі мен статистикасы барлық ҚБ қызметкерлерге көріну қажет.

- Платформаның бас парақшасында ҚБ-нің жеке KPI рейтингі болу қажет.

11) Платформаға үлкен көлемдегі құжаттар көшірілу қажет. Құжаттар саны: 5-10 шамасында болады. Көлемі: 10 Гб.

12) brms.dulaty.kz платформасының ішкі мұқабасы.

- Рейтинг парақшасының негізгі бетіндегі көрсеткіштерді ығыстырып жинақы қылып бір бетке сыйымды ету.

- қаламсап пен корзинаның бір бетте болуы қажет.

13) - Хабарламалар және кері байланыс опциясы болу керек. Онда барлық платформаны тұтынушы қызметкерлері пікірлері мен ұсыныстарын мерзімдері көрсетіле отырып қалдыру мүмкіндігі болу қажет.

- Жүйеде (модульде) жүйе интерфейсінде және электрондық пошта арқылы (ішкі пошта жүйесімен интеграция) пайдаланушыға қатысты оқиғалар, жаңа құжаттардың түсуі, кеш орындалу туралы хабарламаларды жіберуді қамтамасыз ететін функция болуы керек. Хабарламада оқиға туралы ақпарат және құжатқа сілтеме болуы керек. Әрбір процесс үшін хабарландыруларды қосу және өшіру жолын конфигурациялаудың икемді мүмкіндігі болуы керек.

14) Платформада KPI ӘБП ережесі, рейтинг комиссиясы құрамы, хаттамалар және т.б. құжаты тіркелетін опция болу қажет.

15) Есептік бағандар мен опциялар орнату.

- Құжаттарды тексеру (дұрыс/дұрыс емес) опциясын ҚБ басшыларына орнату керек.

- Жауапты растаушылар (АТЖ) опциясын орнату: платформаға ӘБП тарапынан енгізілген мәліметтер құрылым басшысы тарапынан тексеріліп, қадағалануы және расталуы тиіс.

16) Мобильді нұсқа арқылы платформаға кіру мүмкіндігі болашақта болу қажет.

17) Жүйенің (модульдің) барлық пайдаланушыларына қамтамасыз етілуі керек:

- Push хабарландырулары.

- Корпоративтік почта арқылы логин мен пароль авторизациясы.

- Құжаттарды қарау, өңдеу, жою.

- Құжаттарды жүктеу.

18) - docx, xlsx, pptx, pdf, png, jpg (алдын ала қарау) кеңейтімі бар файлдар үшін кірістірілген алдын ала қарау мүмкіндігі болуы керек.

- Құжат мәтінін өңдеу, белгілеу, пішімдеуді қолдану, кестелерді қосу және пайдаланушы компьютерінің жадынан кескіндерді кірістіру функциялары да қолжетімді болуы керек.

- Функцияда мәтіндік редактордың функционалдығы болуы керек.

	19) Әрбір процесс үшін хабарландыруларды қосу және өшіру жолын конфигурациялаудың икемді мүмкіндігі болуы керек. 20) Жүйеде (модульде) нұсқаларды басқару, құжаттарды өсу-кему бойынша топтау, бағандар бойынша сүзу функциялары болуы керек. Бұрынғы нұсқаны көруге мүмкіндік беретін құжаттың нұсқасы сақталуы керек. Сұрыптау А-дан Я-ға дейін өсу, кему реті бойынша интерфейс кестелерінің бағандары бойынша деректерді сұрыптауға мүмкіндік беруі керек. Топтау функциясы Тұтынушының көрсетілген талаптарына сәйкес интерфейс кестелері үшін деректерді топтастыруға мүмкіндік беруі керек. 21) Жүйеде (модульде) файлды Жүйе интерфейсіне жүктеген кезде берілген үлгіге сәйкес файлдың атын автоматты түрде өзгерту функциясы болуы керек. 22) Жүйеге (модульге) бірінші рет кіргеннен кейін үш айдан кейін пайдаланушы қызметкерлердің паролін өзгертуді талап ететін ақпараттық қауіпсіздік саясатын енгізуі керек. 23) Жүйеге (модульге) құпия сөзді үш рет қате енгізген жағдайда пайдаланушы қызметкерлердің тіркелгісін блоктайтын ақпараттық қауіпсіздік саясатын жүзеге асыруы керек. Бұғатталған жағдайда қолданушы bpm.s.dulaty.kz жүйесінің (модулінің) басты бетіндегі техникалық қолдау опциясына өтінім жасау қажет. 24) ҚБ-дерге қатысты қызметкерлердің штаттық саны бар ақпарат лентасы болу қажет. Ақпаратты потенциалды орындаушы тиісті құрылымдық бөлімнен алады. 25) Платформада толық, толық емес толтырылған ҚБ қызметкерлерінің АТЖ-не қатысты бағанында (жасыл нүкте белгісі орындалды, қызыл нүкте белгісі орындалмады) шығуы қажет. Техникалық сүйемелдеу және ІТ қолдау орталығына қойылатын талаптар: 26) сервердің RHP-FPM-мен байланыс орната алмауынан (нет доступа, нет сервера) 502 Bad Gateway қатесін туындатпау.
4	Жауапты рөлдерді анықтау:
4.1	- Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректорына; - Стратегиялық даму басқармасының басшысына; - Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы мен қызметкерлеріне; - Тексеруші растаушыларға.
5	Сенімділік пен қауіпсіздік талаптары
5.1	Жобалық басқару және цифрландыру орталығы, Техникалық сүйемелдеу және ІТ қолдау орталығы Техникалық спецификацияның талаптарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті, Тапсырыс беруші деректерінің Жүйедегі (модульдегі) сақталуын және құпиялылығын сақталатынын қамтамасыз етуге міндетті.
5.2	Университет сервері немесе қорғалған бұлтты хостинг: - Растау файлдарын сақтау. - Өткен жылдардағы есептерді автоматты түрде мұрағаттау.
5.3	- Техникалық қолдау телеграмм желісі арқылы 5 күн жұмыс уақытысында жұмыс жасау қажет. - Жауапты операторлар уақытылы техникалық ақауды шешу қажет. - ҚБ қызметкерлерімен кері байланыс орнату қажет.
6	Жобаны іске асыру кестесі
6.1	Жүйе (модуль) осы техникалық спецификацияның талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, техникалық спецификация талаптарына сәйкессіздікті жою жөнінде Стратегиялық халықаралық даму және сапа комитеті мәжілісінде талқыланып, шаралар қабылдануы тиіс.

6. ҚҰЖАТТЫ ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ АКТУАЛИЗАЦИЯЛАУ ТӘРТІБІ

Техникалық спецификацияны өзектендіру кемінде әр үш (3) жылда бір рет немесе университеттің стратегиялық басымдықтарының, нормативтік талаптарының не цифрлық жүйелер архитектурасының өзгеруіне байланысты қажеттілік туындаған жағдайда жүзеге асырылады.

А қосымшасы

Өткізу-қабылдау актісінің үлгісі

№ _____ “ _____ ” _____ 20__ ж.

Біз, төменде қол қоюшылар бір жағынан _____,

/ Потенциалды орындаушылардың құрылымдық бөлімі атауы және аты-жөні/
екінші жағынан М.Х.Дулата атындағы Тараз университетінің құрылымдық бөлімі

/ атауы/

/ қабылдауға жауапты тұлғаның аты-жөні, қызметі/
негізі бойынша

/себебін көрсетіңіз/

өңделген bpm.s.dulaty.kz жүйесінің (модулінің) төменде көрсетілген критерийлері бойынша
орындалуы жөнінен өткізу-қабылдау актісін жасадық:

№	Критерий атаулары	Орындалуы	Потенциалды орындаушының қолы
1	Барлық міндетті функционалдық модульдердің іске асырылуы	+	
2	Жүйенің тұрақты жұмыс істеуі қамтамасыз етілетін бір уақытта жұмыс істейтін пайдаланушылар саны	кемінде 1000	
3	Қолжетімділіктің мәлімделген деңгейін қамтамасыз етуі	97 %-дан төмен емес	
4	Ақпараттық қауіпсіздік және резервтік көшіру талаптарының орындалуы	+	
5	Тапсырыс беруші тарапынан сәтті тестілеуден өтуі және растаудың алынуы	+	

Қабылдаған: _____

/қолы/

/аты-жөні/